

Ш. Құрманбайұлы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

**ҚАЗАҚ ЕСІМДЕРІ ҚҰРАМЫНДАҒЫ
«БАЙ» СӨЗІ МАҒЫНАСЫНЫҢ
ТАРИХИ-МӘДЕНИ КОНТЕКСТЕГІ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ
ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақалада алдымен «бай» сөзінің түп-төркіні, түрік тілдеріндегі мағынасы, қолданысы салыстырыла көрсетіледі. Ерте заманнан бері «бай» сөзі қазақтың ер адамдар есімін жасауға тұрақты түрде қатысып, антропоним түзудің ұлттық үлгісіне айналғанын дәлелдейтін деректер келтіріледі. Қазақ тіліндегі «бай» сөзі антропонимнің бірінші сыңары ретінде (Байжігіт, Байжан, Баймырза) сөз басында немесе екінші сыңар ретінде (Серікбай, Берікбай, Бурабай) кісі есімінің аяғында тұратын екі үлгісі бар екендігі нақты мысалдармен дәлелденеді. «Бай» сөзі кісі есімінің соңында тұратын екінші үлгімен жасалған есімдердің кең тарағандығы, саны жағынан бірнеше есе көп екендігі айқындалады. Одан кейін автор есімі құрамындағы «бай» сөзі мағынасының тарихи-мәдени контекстегі өзгеру, қолданылу ерекшеліктерін қарастыруға көшеді. XX ғасырдың 20-30 жылдарынан бастап «бай» сөзінің жағымсыз мағына иеленуіне совет идеологиясы мен әдебиеті ықпал етті деген тұжырым жасай отырып, көрнекті қазақ жазушылары еңбектерінен оған дәлел болатын мысалдар беріледі. Екінші сыңары «бай» сөзінен тұратын жағымсыз кейіпкерлер аттарының үлгісімен сөз туғызу дәстүрінің қазір де жалғасып отырғанын көптеген тілдік деректерге сүйене отырып дәлелдеп, оның туындау себептерін, оған түрткі болған әлеуметтік, психологиялық, әдеби, тілдік факторларды атап көрсетеді. Мұндай құбылыстың салдары мен ұлттың әлеуметтік-мәдени өміріндегі рөліне тоқтала келіп, талданған тілдік материалдар негізінде қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: қазақ есімдері, лексика, семантика, жағымсыз мағына, бай, қазақбай.

Sh. Kurmanbaiuly

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com

**The Change in Meaning and Features of the Use of the Word “Bai”
in Kazakh Personal Names in the Historical and Cultural Context**

The article explores the etymology of the word “bai” and its meaning in Turkic languages, examining its usage across contexts. Evidence shows that since ancient times, “bai” has been consistently incorporated into Kazakh male personal names, becoming a national model of anthroponymy. In Kazakh, “bai” may appear as the first component of a name (Baizhigit, Baizhan, Baimyrza) or the second component (Serikbay, Berikbay, Burabay), with the latter being more prevalent. The study further analyzes the historical and cultural evolution of the meaning of “bai” in personal names and its usage patterns. Findings indicate that from the 1920s-1930s, “bai” acquired a negative connotation under the influence of Soviet ideology and literature, as evidenced in works by prominent Kazakh writers. Based on extensive linguistic data, the article demonstrates that the practice of forming names with a negative connotation using the second component “bai” persists today, with social, psychological, literary, and linguistic factors contributing to its continuation. Considering the implications of this phenomenon and its role in the socio-cultural life of the Kazakh nation, the study draws conclusions grounded in the analyzed linguistic material.

Keywords: kazakh personal names, word semantics, lexicon, negative connotation, bai, “qazaqbai”.

Ш. Құрманбайұлы

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
e-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com**Изменение значения и особенности употребления слова «бай»
в составе казахских имен в историко-культурном контексте**

В статье рассматривается этимология слова «бай» и его значение в тюркских языках, проводится сопоставление его употребления. Приводятся данные, свидетельствующие о том, что с древнейших времён слово «бай» устойчиво включалось в состав имён казахских мужчин и стало национальной моделью антропонимии. В казахском языке слово «бай» может выступать первым компонентом имени (Байжигит, Байжан, Баймырза) или вторым компонентом (Серикбай, Берикбай, Бурабай), что подтверждается конкретными примерами. Отмечается, что имена, в которых «бай» стоит на втором месте, широко распространены и значительно преобладают по числу. Далее автор переходит к анализу историко-культурной динамики значения слова «бай» в составе имён и особенностей его употребления. Анализ позволяет заключить, что начиная с 1920–1930-х годов слово «бай» приобретает негативную коннотацию под влиянием советской идеологии и литературы, чему приводятся убедительные примеры из произведений выдающихся казахских писателей. На основе многочисленных лингвистических данных показывается, что традиция образования имён с негативной коннотацией на базе второго компонента «бай» сохраняется и в современности, рассматриваются причины её возникновения, включая социальные, психологические, литературные и языковые факторы. Рассмотрев последствия данного явления и его роль в социально-культурной жизни нации, автор делает выводы на основе проанализированных языковых материалов.

Ключевые слова: казахские имена, лексика, семантика, отрицательное значение, бай, закбай.

Кіріспе

Жер бетін мекендейтін халықтардың барлығы да ұрпағына ат қоюға айрықша мән береді. Кез келген ата-ана ұл-қызына ізгі ниетпен, жақсы тілекпен ат қояды. Әр халықтың мәдениеті, ұлттық дәстүрі мен таным-түсінігі, түрлі наным-сенімдері балаға ат қою кезінде айрықша рөл атқарып, кісі есімдерінен көрініс табады. Есіміне қарап, адамның қай ұлттың өкілі екенін ажыратуға болады. Кісі есімі – ұлттың ділі мен тілі, салт-дәстүрі мен тарихи танымы, этнографиялық ерекшеліктері, жалпы бар болмыс-бітімі жөнінде мол мәлімет беретін өте маңызды ұлттық мәдени кодтың бірі. Қазақ халқының да кісі есімдері ұлтымыздың бет-бейнесін көрсетіп, өткен-кеткенімізді өрнектеп, бүгінгі қалпымыздан хабар беріп тұрған тілдік-тарихи құндылығымыз. Сондықтан антропонимдерді зерттеп-зерделеу арқылы олардың лингвистикалық сипатын көрсетумен бірге ұлттың мәдениеті мен тарихын, дүниетанымын айшықтайтын мол мәлімет алуға болады. Осы тұрғыдан келгенде құрамында бір ғана «бай» сөзі кездесетін қазақтың ер адам есімдерін де айрықша мәнді дереккөз ретінде арнайы қарастырудың реті бар.

«Бай» тілімізде ертеден қолданылып келе жатқан төл сөзіміз. «Бай» сөзі қазіргі қазақ тілінде: БАЙ зат. 1. Дәстүрлі қазақ қоғамында-

ғы дәулетті әлеуметтік жік өкілі. 2. Қазіргі қоғамдағы орта қол дәулетті немесе ауыр дәулетті әлеуметтік топ. БАЙ зат. сөйл. 3. Әйелдің некеленіп қосылған күйеуі, ері. БАЙ сын. 1. Көп, мол, жеткілікті. 2. Толыққан, жетілген, дамыған. 3. Дәулеті тасыған, әл-ауқатты, табысты. 4. Ауыс. Кең, ауқымды, үлкен (Қазақ сөздігі, 2013, б. 173) деген мағыналарды білдірсе, оның көне дәуірлердегі және қазіргі түркі тілдеріндегі білдіретін мағынасы, этимологиясы төмендегідей.

Көне түрік тілінде де *бай* сөзі бүгінгі мағынада қолданылған, мысалы Диуани лұғат ит-түрkte *Қырқ йылқа бай чығай түзлинүр* «Қырық жылда бай мен кедей теңесер» (Ercilasun, 2015, б. 150) мақалы бар.

Қазіргі түрік тілдеріндегі «бай» сөзінің мағынасы қазақ тіліндегімен бірдей:

Құмық т. *бай*: *Бай байғъа бағъар, сув сувғъа агъар* «Бай байға, сай сайға құяды»; *Бай ярлығъа къардаш болмас* «Бай жарлығы бауыр болмас»; *Бай ярлыны танымас* «Бай жарлығы танымас»; *Байғъа инанма, сувғъа таянма* «Байға нанба, суға таянба»; қарайым т. *бай* «бай»; қырым татар т. *бай* «бай»; қырғыз т. *бай*: *Бай билгенди құл да билет, айтайын десе ерки жоқ* «Бай билгенді құл да біледі, айтайын десе еркі жоқ»; қарашай балқар т. *бай*; ноғай т. *бай*; қарақалпақ т. *бай*: *Бай баласы байға усар, байланбаган тайға усар* «Бай

баласы байға ұқсар, байланбаған тайға ұқсар»; татар т. *бай*: *Бай өчен тырыша, ярлы ярлыға булыша* «Бай бай үшін тырысса, жарлы жарлыға болысады»; *Бай барын бирмәс, ярлы карап тормас* «Бай барын бермес, жарлы карап тұрмас»; *Байда күрсә котлы булсын, ярлыда күрсә кемнеке?* «Байда көрсө – құтты болсын, жарлыда көрсө – кімдікі?»; *Байның коды булганчы, этнең улы бу* «Байдың құлы болғанша, иттің баласы бол»; башқұрт т. *бай*: *Иртә торған бай булган, һуңлап торған хур булган* «Ерте тұрған бай болған, кеш тұрған қор болған». Түрікмен т. *бай*: *Байың ағзы ғышық болса да, сөзи доғры* «Байдың аузы қисық болса да сөзі дұрыс»; гагауз т. *бай* «ер адамға қарата айтылатын қаратпа сөз (мырза)»; түрік тілінде *бай* «ер адамға қарата айтылатын сөз; ер адам; мырза». Өзбек т. *бой*; ұйғыр т. *бай*; сарыұйғыр т. *пай*. Алтай т. *бай*: *Кижик кижиле бай* «Адам адаммен бай»; хакас т. *пай* «бай»; тува т. *бай*: *Ядыыны бай кээргевес* (посл.) «Бай жарлыны аямас». Якут т. *баай* «бай»; *бай-* «баю»: *байан-тайан омор* «бай, бакуатты өмір сүру». Чуваш т. *пуй-* «баю»; *пуян* «бай»: *Вярман пек пуян сук, уй пек асли сук* (мақал) «Орманнан асқан байлық жоқ, даладан асқан кеңдік жоқ». *Керхи пуян хел айши* (мақал) «Күзгі байлық – қысқы жылу» (Құрманбайұлы және т.б., 2025, б. 195).

Түрік тілінде негізінен *беу* нұсқасы қолданылады, ал *бай* вариантының XX ғасырдың 30 жылдарында түркі тілдерінен алынғаны айтылады:

«Көне түрік тілінде ежелден бері «бай, дәулетті адам, мал-мүлкі бар кісі» мағынасында қолданылып келген *бай* сөзі 1934 жылғы қазан айында қырғыз тілі мен қыпшақ тілдеріндегі кейбір үлгілер дәлел ретінде алынып, *беу* сөзінің орнына ресми қаратпа атауы ретінде қолданысқа енгізілді» (Nişanyan Sözlük).

«Бай» сөзі «бірінші» деген мағынаны да білдіреді. Мәселен, *бәйбіше* атауындағы *бай* «бірінші», *біше* «әйел» деген сөз, дегенмен бұл жерде байдың (күйеудің) әйелі деген сема болуы да ғажап емес. Ноғай халқы әйелін «піше» дейді, қарашайлар да «біше» дейді. Башқұртта да *бай-бисә*, *байбикә* сөздері бар, сөздіктерде «байдың бикесі, бишесі, әйелі» деген анықтама берілген. *Бай* сөзінің қасиетті деген семасы да бар, мысалы: *байтерек*, *байқұс*, т.б. (Şahin, 2011, б. 81).

Ғалымдар *бай* атауының төркінін *бар* сөзімен байланыстырып, моңғол тілдеріндегі *баян*, чуваш тілінде *пуянмен* бір екендігін дәлелдеп, орыс тіліне *баярин* болып кіргенін алға тартады (Севортян, 1978, б. 28).

Бай сөзі *бек*, *би* сөздерімен де төркіндес болуы мүмкін, өйткені Э. Севортян «бек» пен «би» сөздерінің шығу тегі бір, *бек/бег* нұсқасы *би/бей* вариантынан көне деп көрсетеді: *бег > бей > бий > би* (Севортян, 1978, б. 97).

Тіл деректері көрсетіп отырғанындай сонау көне түрік заманынан бері «бай» сөзі түрік халықтарында «дәулетті, бірінші, қасиетті» деген мағыналарды білдіріп келеді. Қазақ тілінде осы мағыналарымен қоса, «әйелдің ері, күйеуі» және негізгі мағынасынан туындаған «мол, көп, дамыған, әл-ауқатты» деген де мағыналары бар. Сөз мағынасы арқылы беріліп тұрған осындай жақсы, жағымды қасиеттерді ұрпағының бойынан көргісі келген халқымыз ұлдарына «бай» сөзі қосылған есімді жиі қойған.

Әр халықтың тілінде кең тараған есімдер болады. Мәселен, ағылшындардың – Джон, Уильям, Томас, немістердің – Альберт, Вильгельм, Макс, орыстардың – Александр, Михаил, Иван, түріктердің – Мехмет, Мустафа, Ахмет, өзбектердің – Алишер, Бекзод, Сардор сияқты ер адамдар есімдерін сол қатарға жатқызуға болады. Қазақтың құрамында *-бай*, *-бек*, *-хан*, *-жан*, сөздері бар ер адам есімдері де осы қатарға кіріп келген. Әр заманның, әр кезеңнің жиі қойылатын, кең тарайтын есімдері болатынына қарамастан халықтар әртүрлі тарихи кезеңдерді бастан өткерсе де ғасырлар бойы сол халықпен бірге жасап, өміршеңдік танытып отыратын да есімдер болады. «Бай» сөзі қосылу үлгісімен жасалған қазақ есімдері де ұзақ уақыт сол қатарда болып келді.

Қазақ тіліндегі «бай» сөзі қосылған ер кісі есімдерінің негізгі екі үлгісі бар. Біріншісінде «бай» сөзі есімнің екінші сыңары болады. Мысалы: *Серікбай*, *Берікбай*, *Бурабай*, *Жылқыбай*, *Мырзабай*, *Нұрлыбай*, *Мұратбай*, *Елубай*, *Алпысбай*, *Өсербай*, *Ұзақбай*, *Оразбай*, *Кенжебай*, *Базарбай*, *Сансызбай*, *Бақтыбай*, *Айтбай* және т.б. Бұл үлгімен жасалған есімдер екінші үлгімен жасалған есімдерден әлдеқайда кең тараған, саны жағынан да едәуір басым.

Екіншісінде «бай» сөзі есімнің басында тұрып, антропонимнің бірінші сыңары болады. Мысалы: *Байжігіт*, *Байжан*, *Байбек*, *Баймырза*, *Байкөкше*, *Байдәулет*, *Байбосын*, *Байтұрсын*, *Байғали*, *Байкен*, *Байсал*, *Баймұрат*, *Байназар*, *Байтас*, *Байбатыр*, *Байболат* және т.б. «Бай» сөзі кісі есімінің бірінші сыңары болып, сөз басында тұратын мұндай антропонимдер саны жағынан бірінші үлгімен жасалғандардан бірнеше есе аз. Ал *Байжанбай* сияқты «бай» сөзі кісі

есімнің басында да, соңында да тұратын үлгілер сирек ұшырасады.

Жалпы осы құрамында «бай» сөзі бар екі үлгімен жасалған ер адам аттарын қоса алғанда, олар қазақ есімдерінің ең көп тараған түрін құрайды. «Баймен» аяқталып, «баймен» басталатын есімдер қазақта жүздеп, мыңдап саналады. Бұл есімдер оны иеленушінің қазақ ұлтының өкілі екендігін көрсетіп тұратын сипатқа ие. «Бай» сынарлы есімдердің бірнеше ұрпаққа қойылып, атадан балаға жалғасып, бірнеше ғасыр бойы қазақпен бірге жасап келе жатқандығы және өте кең тарағандығы оны ұлттың классикалық есімдерінің қатарына қосуға негіз бола алады. «Бай» сөзін қосып ат қою қазақтың есімдер қорын қалыптастырудың, ер адам есімін жасаудың ең бір өнімді, ұлттық моделі болған. Қазақтың осы үлгімен ат қоюы сонау көне заманнан басталып, ғасырдан ғасырға жалғасып келеді. Мәселен, ерте заманнан келе жатқан «Керкұла атты Кендебай» қиял-ғажайып ертегісінің басты кейіпкері – Кендебай батыр, XIII-XIV ғасырлардан бастап жырланып келе жатқан «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» ғашықтық жырының негізгі кейіпкерлері – Сарыбай мен Қарабай, Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр» жырындағы Қобыландының әкесі – Тоқтарбай, «Алпамыс батыр» жырының басты кейіпкері Алпамыстың әкесі – Байбөрі, Гүлбаршынның әкесі – Сарыбай, «Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің әкесі – Базарбай, Жібектің әкесі – Сырлыбай, Төлегеннің інісі – Сансызбай, XVIII-XIX ғасырларда қол бастаған қазақтың ең әйгілі батырларының есімдері – Бөгенбай, Наурызбай, Қабанбай, Ағыбай, қазақтың ұлы ақыны Абайдың әкесі – Құнанбай, аталары – Өскенбай, Ырғызбай, Мағжанның атасы – Жұмабай, аса көрнекті ғалым Қаныштың атасы – Сәтбай, алаш қайраткері қазақтан шыққан тұңғыш инженер Мұхамеджанның әкесі Тынышбай аталуы соның айқын дәлелі бола алады. Бұлардың қатарын Кеңгірбай би, Нысанбай жырау, халық ақындары Шашубай Қошқарбайұлы, Сүйінбай сияқты қазақтың белгілі тұлғаларының есімдерімен толықтырып, тағы да жалғастыра беруге болады. Тек тарихи тұлғалар мен белгілі адамдардан басқа да бұл үлгімен жасалған ер адамдар есімдері қазақ тілінде өте мол.

Осылайша қазақтың көрсеткішіндей болып ғасырлар бойы жиі қойылып келген «бай» компонентті ер адам есімдерінің саны кей кезеңде кеміп, кей кезеңде артып отырған. Оған

халықтың тұрмыс-тіршілігі мен рухани-мәдени, әлеуметтік өмірінде болған өзгерістер, олардың әдебиетте бейнелеуінің әсері болғаны байқалады. Ұлт санасымен, дүниетанымымен тығыз байланысты осы құбылыстың сырына үңіліп, себептерін анықтаудың мәні зор. Біз ұлтымыздың тілдік санасында, антропонимдер жүйесінде болған мұндай үрдіс себептерін қазақ қоғамының саяси-мәдени өмірінде болған өзгерістерден, әдебиетінен іздеу қажет деп таптық.

Материалдар мен әдістер

Мақалада талданған материалдар әртүрлі дереккөздерден жиналды. Мәселен, «бай» тұлғалы есімдер қазақтың көне ертегілерінен бастап, «Алпамыс батыр» «Қобыланды батыр» сияқты батырлық жырлар мен «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» ғашықтық жырлардан, Б.Майлин, С.Мұқанов, С.Көбеев сияқты қазақ классиктерінен, қазіргі ақын-жыраулар шығармаларынан да мысалдар алынды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2021 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары да «бай» сынарлы ат қоюдың динамикасын көрсету үшін пайдаланылды.

Зерттеу барысында салыстыру, талдау, компоненттік талдау, сипаттау, салыстырмалы-тарихи зерттеу, қорытындылау әдістері қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Т.Жанұзақ, А.Әбдірахманов, Қ.Рысберген, Б.Әбдуәліұлы, А.Бижкенова, С.Иманбердиева, Б.Бияров, Ж.Ағабекова, Т.Джарасова, Ж.Уматова және т.б. ғалымдар қазақ ономастикасының түрлі мәселелерін әр қырынан қарастырды. Осы ғалымдардың, әсіресе, кісі есімдерін арнайы зерттеген Т.Жанұзақ, Б.Әбдуәліұлы еңбектерінен «бай» сөзіне қатысты ой-тұжырым, деректер ізделді, пікірлері ескерілді. Түркиялық ғалым İ. Şahin мақаласындағы «бай» сөзінің топонимдер құрамындағы қолданысына да назар аударылды. Мәселенің мәнін тереңірек әрі жан-жақты аша түсу үшін тек лингвистер ғана емес, өзге ғылым саласы мамандарының зерттеу еңбектеріне, пікірлеріне де назар аударылды. Мәселен, мақалада пайдаланылған әлеуметтанушы Д.Майерс, Ж.Туенж, әдебиетші Т.Кәкішев, психолог Ж.Сейітнұр сияқты ғалымдар пікірлері сол қатарға жатады.

Нәтижелер мен талқылау

«Бай» сөзіне жағымсыз мағынаның жүкте-луі. XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бастап совет үкіметі төрт түлікті кәсіп еткен көшпелі қазақ халқының дәстүрлі өмір салтын, экономикасын жаңа арнаға салуға ерекше көңіл бөлді. Ұжымдастыру, колхоздастыру кезінде қа-зақтың ауқаттыларының мал-мүлкін тәркіледі. Бұқара үстемдігін орнатуды мақсат еткен боль-шевиктер халықты бай, кедей деп екі тапқа бө-ліп, бірі-біріне қарсы қойып, совет идеологиясы мен насихаты оларды бітіспес жау етіп көрсет-ті. Кедейлерді байларға қарсы айдап салып, тап күресін бастады. Бұл күресте халықтың бай, ау-қатты адамдары совет үкіметі мен бұқара халық-тың хас жауы ретінде танылды. Бай-құлақтарды кедейлермен теңестіру, тап ретінде жоюға әмір-шіл әкімшілік жүйе, әскер күші мен қоса совет идеологиясы да белсене кірісті. Халықтың бай, ауқатты және білімді адамдарына «халық жауы» деген саяси таңба (клеймо) жапсырды. Компар-тия идеологтары, совет үгіт-насихатшылары байларды, ұлттық буржуазияны жаппай қанау-шы, жатып ішер, қоғамның зиянкес бөлігі ре-тінде бейнеледі. «Жатып ішер тоққарын» сияқты тіркестер идеологиялық клишелер кеңінен пай-даланылды. Советтік баспасөз де бұл жағымсыз бейнелерді халық санасына орнықтыруға қыз-мет етті.

Екінші совет халқының санасында байдың жағымсыз образын, жексұрын бейнесін қалып-тастыруға советтік идеологияның ең қуатты қаруына айналған совет әдебиеті де зор ықпал етті. Мысалы: «Байлар үшін ел емес, мал ғана қымбат еді». «Байдың малы артқан сайын, кедейдің күні қараңғылана түсті». «Тілге көнбеген адамға *Итбайдың* қолданар шарасы: малын ұрлату, қара басына пәле салу болатын. *Итбай* Амантайға осы екі әдістің екеуін де қолданды. Астынан бір жақсы атты, қолынан бір жақсы құсты кетірмей-тін Амантайға, *Итбай* атын да, құсын да тартып алып, талай зорлық істеді» (Мұқанов, 1948).

Әдебиетте бай, болыстың бейнесімен қатар сол байлыққа жету үшін ешнәрседен тартынбай-тын кедейдің кейпін де жағымсыз етіп көрсеткен шығармалар бар. Мәселен, С.Көбеев «Қалың мал» романында: «Кейбір бозбалалар: «Итбайдың өзі шын ит кісі екен ғой, Ғайша сықылды баланы, неше бай болса да шалға бере ме?» – де-ген ойға қалысты» (Көбейұлы, 1934), – деп жа-зады. Байдың зорлықшыл, жағымсыз бейнесін сомдаған С. Мұқановтың *Итбай* болысы да, қы-

зын малға сатқан опасыз әке С. Көбеевтің *Итба-йы* да оңып тұрған кейіпкерлер емес. Осындай жағымсыз кейіпкерлер де, құрамында «бай» сөзі бар олардың жағымсыз аттары (Ит + бай) да бұл үлгімен жасалған кісі есімдерінің қазақ ұғымын-дағы бастапқы қадірінің сақталуына үлес қоса қойған жоқ.

Қазақтың классик жазушысы, қара сөздің хас шебері Б.Майлин қазақ әдебиетінде «Мыр-қымбай» бейнесін жасады. Бейімбеттің «Мыр-қымбайы» қазақ кедейінің бар болмысын шына-йы бейнелеген типтік кейіпкер:

«— Мырқымбай, Мырқымбай, Мырқымбай!..
Бай, бай, бай, ит-ай!

Тірі өлтірдің-ау,

Әй, Құдай-ай!..» (Майлин, 1986, б. 50).

XX ғасырдың сонау 20-жылдары Б.Майлин шебер сомдаған аңғал, қарапайым қазақ кеде-йінің бейнесі ел ішіне кең тарап, әдебиеттегі ең танымал кейіпкерге айналды.

Белгілі әдебиетші ғалым Т.Кәкішев бір сұх-батында «Осы Мырқымбай сияқты қалыптасқан образдар бүгінгі қазақ әдебиетінде бар ма?» де-ген сұраққа: «— Ондай жоқ. Ондай болатын бол-са, ол қайталау болады. Дәл қазір сол қайталау-дың өзі жоқ болып жатыр» (Кәкішев, n.d.), деп жауап беріпті.

Ондай образ жасалмаса, жасалмаған шығар. Алайда Бейімбіт Майлин «Мырқымбайын» қай-талай отырып, қазіргі заманның жаңа Мырқым-байының бейнесін жасаған қалам иелері бар. Белгілі әдебиет сыншысы, қаламгер Тұрсынжан Шапайдың «Мырқымбай» атты әңгімесінде бы-лай жазады:

«Мырқымбай — асты! Мырқымбай, қа-зір — министр. Мырқымбай — сенатор. Мырқым-бай — жулик. Мырқымбай — наркоман. Мырқым-бай — бай. Мырқымбай — құдай...

Сіздің заман өткен. Заман — Мырқымбайдікі. Құлдық — тәрбиеледі, тәуелсіздік — өсірді. Не-ғыл дейсің енді?! Құлдың тәрбиесін алған Мыр-қымбай қазір егеменді елдің мырзасы. Азат құл. Құлды қойсаң еркіне... көретінің осы-дүр!» (Ша-пай, 2015, б. 69, 72).

Бейімбеттің Мырқымбайы — кедей, аңғал, қа-раңғы, үнемі ісі оңға баспай жүретін болса, Тұр-сынжанның Мырқымбайы — бай, қу, әр нәрседен хабары бар (терең білім иесі болмаса да сондай кейіпте жүретін) әккілігінің, иенің көзінен өте-тін пысықайлығының арқасында үлкен лауазым-дарға ие болып, айналасына, бүкіл жұртқа миы-ғынан қарап, ақыл айтатын жаңа қазақ. Бірақ бұл Мырқымбай адамгершілігі мол, парасат иесі

де, еліне шын жаны ашитын отаншыл азамат та, қайраткер тұлға да емес. Сондай кейіпте көрінетін, сол рөлді ойнап жүрген «азат құл», жарлы мырза. Автор асып-тасқан, бай-мырзаның министр, сенатордың, жинақтай айтқанда өзін күдай сезінетін пенденің бетін тырнап ашып, оның ішінде жатқан жуликті, ұрыны, атына заты сай келмейтін құл саналы мырзаны көрсетеді. Қаламгер қазіргі заманды, оның кейіпкерін Абайша айтқанда сарказмге толы «улы сия, ащы тілмен» бейнелеп береді.

Қазіргі қазақтар түсінігінде «Мырқымбай» – қолынан іс келмейтін, өмірі жолы болмайтын, үнемі сәтсіздікке ұшырап жүретін адам». Бейімбет кейіпкерінің есімін көпшілік осы мағынада қолданатын болды. Біреудің қолынан түк келмейтінін айтқысы келсе: «Ой, ол бір жүрген Мырқымбай ғой» – дейді. Бейімбеттің Мырқымбайы бүгінгінің де жағымсыз кейіпкерге айналды.

Т. Шапай осы жағымсыз бейнені, Бейімбеттің кең тараған кейіпкерінің атын бүгінгі заман, адам кейпін, қоғамда белең алып бара жатқан жағымсыз қылықтар мен мінез-құлықтарды көрсету үшін шебер пайдаланған. Мұны ұтымды қолданылған әдеби тәсіл десек, болатын шығар.

Ал біз мәселенің басқа қырына назар аударып отырмыз. Ол – Бейімбет шығармаларының кейіпкері Мырқымбай үлгісімен басқа да жағымсыз мінез-құлық иелерін көрсететін атаулардың кең тарай бастағандығы. Соңғы жылдары бұл үрдіс үдей түскені байқалады. Оған мысалды қазақ ақын-жазушыларының шығармаларынан, БАҚ беттерінен, күнделікті ауызекі тілден көптеп келтіруге болады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін белгілі қалам иелерінің жазғандарынан бірер мысал келтірелік:

«Гүлшат бастықтың ығына түскіш *елтекбайларды* келемеждегендей иіле тұрып, сәл аялдау керектігін, Инештің келуге тиісті екенін айтты (Шаймерденов С., Инеш).

«– Шефке күмән жоқ, – деді қияқ мұртты екінші жігіт, қасындағы көкиген, *орысбайлау* келіншегіне қарап алып» (Мағауин М., Жармақ).

«Билікте толып жатқан *орысбайлар* жүргенде, Қазақ Елі ешқашан қазақ тілінде сөйлемейді» (Ғабдолла Қ.)

Бұдан бұлай оны частушкалар мен анекдоттарға, қоғамдық әжетханалардағы жазулар мен эсеместерге, әлеуметтік жүйелердегі *мылжыңбайларға* да үлестіре беруі мүмкін?! (Ақсұңқарұлы С., Муза мехнаты).

«Шындық кейде қалын
«Арпа ішіндегі бір бидай»,
Неге әділдік күресінде
Жұрттың көбі «*Тымпибай?*»

Рухсыздыққа кім шын мінез көрсетпесе қырғидай,

Ондайлардың бүгінгі аты – Ырбикүл мен Жырбибай (Шаханов М., «Шындық шыңына бұрылу» туралы ұстаным...).

«Көтек»ке көнгіш *Көнбісбай*,

Жетекке ергіш тазы емен (Сапарбай И., Серт).

«– Жоқ, бәсеке, о не дегеніңіз, жағдайымыз өте жақсы. Сіз сұрағаннан кейін тіпті жақсарып қалды», – деді бір *құтыңбай*.

– Жегеніміз алдымызда, жемегеніміз артымызда! – деді тағы бір *қыртынбай*. – Шекеміз майға шылқып тұр!

– Тойып секіріп тұрмыз! – деді енді бір *жыртыңбай* (Рамазан, 2018).

Жоғарыдағы мысалдар қазір «бай» сөзі қосылып Мырқымбай үлгісімен жасалған: *Елтекбай, Құғынбай, Көнбісбай, Мылжыңбай, Тымпибай, Жалтаңбай, Жалпаңбай, Жәрбеңбай, Жырбибай, Жыртыңбай, Қыртымбай, Орысбай, Оттаубай, Сандабай, Талтаңбай, Ырбыңбай* сияқты жағымсыз мәндегі сөздердің қолданылып жүргенін көрсетіп отыр. Бұлардың қатарын *Далбаңбай, Салпаңбай, Қалтаңбай, Қылтыңбай, Секеңбай, Шолтаңбай, Шошаңбай* деп жалғастыра беруге болады. Назар аударатын бір ерекшелігі – бұл қатардағы сөздер үнемі бас әріппен жазылып, жалқы есім түрінде қолданыла бермейді. Мәтінде кейде бас әріппен жазылса, кейде олар кіші әріппен жазылып, жалпы есімдер сияқты қолданылады. Мысалы, жоғарыдағы сөйлемдердегі *елтекбай, орысбай, мылжыңбай, құтыңбай, қыртынбай, жыртыңбай* сөздері кіші әріппен жазылған. Мұның себебі бұлар белгілі бір кісінің азан шақырып қойған аты, нақты бір адамға бекітіліп берілген есім емес. Адамдарға мінез-құлқына, қасиеттеріне қарай айтылатын жалпы атау. Сондықтан кіші әріппен жазған орынды болар. Мұндай сөздердің негізгі ерекшеліктері мынадай: 1. Жағымсыз мінез, жаман қылық иелеріне қарата айтылады; 2. Тек ер адамдарды қамтиды; 3. Қазақ ұлтының өкілдеріне қатысты ғана айтылады.

Олай болуының себебі: а) мұндай сөздердің бірінші сыңарлары негізінен *мылжың, қырт, тымпи, сандал, ырбың, жәрбең, ыржаң, далбаң, оттау* сияқты жағымсыз мағыналы сөздерден тұрады. Бірінші сыңардың ішінде бірлі-жарым

сөз ғана жағымсыз мағынаны білдірмеуі мүмкін. Мысалы, «орысбай»-дың құрамындағы «орыс» сөзі бір ұлттың атауы, жағымсыз мағынаны білдірмейді. Бірақ бұл жерде ол сөз «орыстанған, өз ұлтынан жеріген, ұлттық қасиеттерінен айрылып, орыс болып кеткен, орыс тілінде сөйлейтін немесе қазақтың емес орыс ұлтының мүддесін қорғайтын орысшыл адам» деген мағынаны білдіру үшін қолданылған. Ал қалғандарының бәрі адам бойындағы нашар қасиеттерді білдіретін жағымсыз мағыналы сөздер.

ә) Ер адамдар есімінің құрамында ғана «бай» сөзі кездеседі; б) Ер адамның есімінің соңына және басына «бай» сөзін қосу негізінен қазақ ұлтына тән. Осы үлгідегі ат қою оның қазақ екенін көрсететін, атына қарап ұлтын айқындайтын тілдік, антропонимдік белгісі. Жинақталған мысалдар «бай» сөзінің алдындағы бірінші сыңар арқылы беріліп тұрған жағымсыз мінез-құлықтардың барлығы да қазаққа тән екендігі сөз мағынасы мен қолданысынан да анық байқауға болады. Жағымсыз кейіпкерлердің артында қазақ ұлтының өкілдері тұрғанын басқа тілдік деректер де, осы талданып отырған мысалдар да, контекст те нақты көрсетіп тұр. Дәлірек айтқанда «бай» сөзі соны көрсету үшін арнайы таңдалған. Басқа түрік халықтарында да «бай» тұлғалы ер адам есімдері бар. Бірақ мұндай жағымсыз сипат алмаған.

Ер адам атауларына «бай»-ды қосқан сияқты әйел адам атауларына да «бике» сөзін қосып Жолбике, Бекбике (белгілі бекбике ғой) деу бұрыннан болса, «гүл» (күл) сөзін қосып Ырбикүл сияқты жағымсыз кейіпкер туғызу жекелеген авторларда, мәселен М.Шаханов өлеңдерінде кездеседі. Алайда бұлар *Мырқымбай*, *Құғынбай*, *Жалтаңбай*, *Орысбай* іспетті ер адам есімдеріндей жиі қолданылмайды. Мұның себебі о баста қазақ қоғамындағы, әулеті мен отбасындағы әкенің, ел қорғаны болған ер азаматтың орны мен айрықша абыройын аласарту, биік беделін түсіру үшін мағынасы осы қасиеттердің бәрін қамтып тұрған «бай» сөзі мақсатты түрде таңдалғанында болса керек. Ал ары қарай айбарлы, сабырлы, кесек мінезді, екі сөйлемейтін еркектің ұсақтағанын, жағымпаздық пен жылпостыққа, көп сөйлейтін мылжындыққа, екіжүзділікке бой алдырғанын кешірмейтін, оған жирене қарайтын қазақы таным олардың бейнесін көрсететін жаңа кейіпкерлерді туғыза берген.

«Бай» қосылған есімдер үлгісімен жасалған сөздердің пайда болу, қолданылу мақсаты – адам бойындағы түрлі жағымсыз қылықтар мен на-

шар мінездерді көрсету. Мысалы, «бай» тұлғалы кісі есімі үлгісімен жасалып, жиі қолданылып жүрген сөздер мынадай мағыналарды білдіреді:

- Елпекбай – *орынсыз елпеңдей беретін ер адам (қазақ);*

- Жалтаңбай – *өз пікірі жоқ, өзгелерге қарай беретін, жалтақ ер адам (қазақ);*

- Жалпаңбай – *әркімге жалпаңдай беретін ер адам (қазақ);*

- Жәрбеңбай – *жәрбіш, жәрбеңдей беретін адам (қазақ);*

- Жыртыңбай – *жыртыңдап орынсыз күле беретін адам (қазақ);*

- Көнбісбай – *үнсіз бәріне көне беретін, терісі қалың адам (қазақ);*

- Құғынбай – *лағып бос сөйлейтін ер адам(-қазақ);*

- Қутыңбай – *қутыңдап, қулық ойлап тұратын адам (қазақ);*

- Қыртымбай – *сөз емес сөзді айтып, мәнсіз сөйлейтін адам (қазақ);*

- Мылжыңбай – *мылжың, мән-мағынасыз көп сөйлейтін адам, көк мылжың;*

- Орысбай – *орысша тәрбиеленген, өз тілін білмейтін, орысшыл адам (қазақ);*

- Оттаубай – *әр нәрсенің басын бір шалып, аузына келгенін айта беретін адам;*

- Сандабай – *пайдалы іспен айналыспай, бос сандалып жүретін адам;*

- Талтаңбай – *шіреніп, аяғының астына қарамай алысқа басып жүретін адам;*

- Тымпибай – *айтатын, сөйлейтін кезде тымпиып үнсіз қалатын адам;*

- Ырбыңбай – *ырбыңдап күле беретін ер адам (қазақ);*

Мұндай сөздер кісінің өз атын атамай, оны мінез-құлқындағы, өзін ұстау мәнеріндегі кемшіліктері бойынша сипаттайды. Бағалаушытық мағынада жұмсалады. Жалпаңбайдың да, оттаубайдың ар жағында белгілі адам тұр. Олардың өз аттары Қайсар немесе Сабыр болуы мүмкін. Атына заты сай келмейтін сондай адамдардың мінін бадырайтып көрсету, кемшілігін кекесін сөз арқылы айыптау үшін осындай сөздер жасалған. Бұл сөздердің бірінші сыңарлары ретінде көбінесе бейнелеуші сөздер мен сын есімдер болып, ал етістіктер мен зат есімдер оларға қарағанда сиректеу қолданылатындығы байқалады. Қазақтың дәстүрлі ат қою үлгісі бойынша бұрын кісі есімдерінде негізінен «бай» сөзінің алдында *мырза, берік, серік, нұрлы* сияқты жақсы мағыналы сөздер тұратын болса, қазір жағымсыз мінез иелерін сипаттау үшін олардың орнына *жалтаң,*

жалтаң, елпең, талтаң, қутың, ырбың, көнбіс, мылжың, оттау, сандалу сияқты сөздер бірінші сыңар ретінде пайдаланылған.

Мырқымбай үлгісімен «бай» қосылып жасалған сөздердің көп туындап, соншама жағымсыз кейіпкерлер тізбегінің түзілуін немен түсіндіруге болады? Әдеби тұрғыдан қарағанда қазақ көркем әдебиетіндегі ең танымал кейіпкер Мырқымбайдың ел ішіне кең танылып, ұлт санасына сінуі мен кейінгі қаламгерлерге Бейімбет ықпалының күшті болуынан деуге болатын шығар. Ал лингвистикалық тұрғыдан келгенде мұндай сөздердің туындауына қазақтың ер адамдарға ат қоюдың кең тараған ұлттық үлгісі пайдаланылған деуге негіз бар. Бұлардан өзге мұндай жағымсыз кейіпкерлер есімдерінің көбеюіне әсер еткен экстралингвистикалық, әлеуметтік, психологиялық, саяси-идеологиялық факторлар да болғанын жоққа шығармаймыз. Мәселен, кеңестік кезеңде кедейді байға қарсы бітіспес жау, антагонистік тап ретінде қалыптастыруға айрықша басымдық берілді. Өктем тап өкілі Итбай болыс пен азаптан көз ашпаған Мырқымбай образдарының туындауына осы советтік саяси идеология тікелей ықпал етті. Әдебиетте өз заманың қаһармандары, кейіпкерлері көрініс табатыны сияқты, тілде де солай. Жаңа ұғым, жаңа бұйым, зат пайда болса, сонымен бірге соның атауы ретінде жаңа сөз, жаңа термин өмірге келеді. Осы тілдік қисын тұрғысынан қарағанда қазіргі тілде қолданылып жүрген *жалтаңбай, жалтаңбай, жәрбеңбай, көнбісбай, тымпибай, орысбай* сияқты жалқы есім тұлғалы сөздердің көбейіп, мұндай кейіпкерлердің тұтас бір тізбегінің түзілуі қуанарлық құбылыс емес. Бұл қазақ қоғамында еркін ойлы, ешкімнің алдында бас иіп, жалпақтамайтын, намысты, ер мінезді, керек жерінде «айтпасаң сөздің атасы өледі» деп өз ойын ірікпей ашық айтатын, құқын шектеуге көнбейтін, ел, жер, ұлт мәселесіне қатысты сөз болғанда үнсіз қалмайтын, ұлтының тілі мен мәдениетін бойына сіңірген ер азаматтардың азайып, керісінше жағымсыз мінез иелерінің артып отырғанынан хабардар ететін тілдік деректер. Әрине, тұтас бір халыққа, барлық адамға бір өлшеммен қарауға болмайды. Алайда қоғам ішінде мұндай жаман мінез, жағымсыз қылықты адамдар көп болмаса, оны белгілейтін сөздер де туындамаған болар еді.

Екінші жағынан алып қарасак, мұндай үрдісті өзіндік сынның күшейіп, сыни көзқарастың, өзгені сынап-мінеу, басқаның кемшілігін теру, мінін бадырайтып көрсету үдерісінің қарқын

алуы деп те ойлаушылар да табылуы мүмкін. Тіпті солай болғанда да бұл «бай» сөзін құнсыздандыру болып шығады.

Осы «бай» сөзін құнсыздандырмай-ақ қазақтың мінін айтып, кемшілігін түзетуге болмай ма? Әбден болады. Оған тілдің сөз байлығы, соның ішінде адам мінезінің қалтарыс-бұлтарысы мен кем-кетігін жан-жақты сипаттап беретін сын есімдер, бейнелеуіш, еліктеуіштер мен етістіктер жетіп артылады.

Қазақтың мінін бетіне басып айтқан, кемшіліктерін аямай ашық сынаған ақын Абайдай-ақ болар. Сол Абай «бай»-ды қоспай-ақ «Бойы бұлғаң, сөзі жылмаң», «Сыпыра жылмаң желбуаз?» немесе «Сабырсыз, арсыз, еріншек, Көрсеқызар, жалмауыз, Сорлы қазақ сол үшін, Алты бақан алауыз», «Өзі оңбаған, антұрған» деп елдің жайын, «Ұятсыз, арсыз салтынан» деп, адамның мінін бейнеледі. Ақын *бұлғаң, жылмаң, желбуаз, сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсеқызар, жалмауыз, сорлы, алты бақан, алауыз, ұятсыз, арсыз, оңбаған, антұрған* сияқты жағымсыз мағыналы сөздерді қолдану арқылы жұртының мінін жеріне жеткізіп сынап, сан құбылтып айтты ғой. Олай болса мәселе сөз байлығы мен мағына реңктерінің жетпей жатқанында емес, бар байлықты орнымен, ретімен қолдана білуде болып тұр. Жоғарыда «бай» қосылған жағымсыз мәндегі сөздердің негізгі үш ерекшелігі айтылды. Сол үш ерекшеліктің соңғы екеуі аталған жаман мінез-құлықтардың барлығының қазаққа, қазақ еркегіне тән екенін көрсету үшін алынған. Негізі мұндай кемшіліктер қазаққа ғана тән емес, жер жүзіндегі өзге халықтардан да табылады. Бірақ олардың бәрі бірдей біз сияқты соның бәрін өз халқына теліп, төл сипатындай тани бермейді. Ендеше осының бәрі советтік тәрбие бойымызға егіп, санамызға сіңіріп кеткен комформизмнің, әлеумет психологиясындағы көндігу, қабылдау мен бағынудың (Майерс & Туенж, 2018, б. 175) сарқыншағы, олардың атадан балаға жалғасып келе жатқанының белгісі, «кемістік комплексінен» әлі толық арылмағандықтың көрінісі десек, асыра айтқандық бола қоймайтын сияқты. Егер отарсыздану үдерісі дұрыс жүргізілген болса, осының бәрін санамыздан шығарып, тілімізден де аластап тастған болар едік. Олай болмай шықты. Соның салдарынан қазаққа тән қасиеттерді кемсіту, басқаның бәрін зор санау синдромынан айыға алмай келеміз.

Бейімбет: «Қалың кедей мырқымбайлық, Қанды шоқпар қолында» (Майлин Б. Қарасор) – деп, «Мырқымбайдан» – «мырқымбай-

лық» ұғымын өрбітіп еді. Біз оны ары қарай дамытып, «қазақбай» мен «қазақбайшылық»-ты туғыздық. «Бай» сөзі қосылған есімдерді жағымсыздық үлгісіне айналдырғанымыз сондай ұлтымыздың атын да кемсітуге дейін барып, «Қазақбай», «қазақбайлау», «қазақбайшалау», «қазақбайшылық» дейтін жағдайға жеттік. Мұндай сөздерді әдеби тіл сөздігіне енгізіп, нормалап та қойдық. 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» бұл сөздердің мағыналарына: ҚАЗАҚБАЙ зат. сөйл. экспр. *Қазақы, қазаққа тәндік*; ҚАЗАҚБАЙЛАУ сын. *Қарапайымдау, жұпынылау*; ҚАЗАҚБАЙШАЛА ет. *Ескі әдетке салу, қазақы мінез көрсету*; ҚАЗАҚБАЙШЫЛЫҚ зат. экспр. сөйл. *Қазаққа тән қасиет, ерекшелік* (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 8-том, 2011, б. 735) деген анықтамалар беріледі. Бұл «қазақбай» – қазаққа тән қасиет екенін, «Қазақбайлау» – жұпынылық; «қазақбайшалау» – ескі әдетке салушылық; ал «қазақбайшылық» – қазаққа тән жаман қасиет (экспр. стильдік белгісі соны меңзеп түр – Ш.Қ.) екенін лингвистикалық тұрғыдан бекітіп, нормативтік сөздікке енгізу арқылы жаппай қолданысқа ұсыну деген сөз. Сөздіктегі мысалдар қазақтың ақын-жазушыларының шығармаларынан алынып отыр. Сонымен қатар әдеби тіл сөздігін басшылыққа алған қаламгерлер мен тіл тұтынушылары бұл сөздерді осы мағынада қолдана да береді. «Қазақбай», «қазақбайшылық» сөздерінің тілдегі қолданысын мына мысалдардан көруге болады:

«...Бірақ, онысын түйсінуге түйсігі түртпейтін мәңгігендер: «бытбырақай араласып, шағылысып қойыртпақтанып, ақырына мәңгүртке, көзқаманға, жаңа *қазақбайларға* айналды» (Әймен И., Көкейдегі қалың ой).

«Жаңа қазақ «Мырқымбайға қалған *қазақбайлар* ренішті. Соңында – шу-шу еткен жарлы-жақыбай *қазақбайлар*» (Шапай, 2015, б. 73).

«Бәлкім, мұнымыз арыға сілтегенде – түкке тұрмайтын *қазақбайшылық*, беріден қайырғанда – кісілікке жатпайтын көрсоқырлық» деп өз беттерінше мазасызданса мазасызданған да шығар (Жиенбай Қ., Нөсер).

«Бірақ салғырттық пен бейқамдық, қу құлқын көзі ашық, көкірегі ояу адамдардың өзін өзін *қазақбайшылық* тәрізді жаман әдетке ұрындырып, заңды белден басып, одан қалды көз көріп, құлақ естімеген қылмыстар жасап, сау басына сақина тілеп алғандар көп (Тұрсынбайқызы Г., Пейіл мен ниет).

Мысалы: «Айтуға шебер болғанымызбен атқаруға келгенде шегіншектеп шыға келетін бая-

ғы *қазақбайшылық*. (Тіл қаржысы тілге бұйыр-мапты, «Ана тілі», 2009 жыл).

«Ол *қазақбайшылығы* жоқ, әділ, тура мінезді адам» (Тоғысбаев Б., Асыл адам).

«Соның өзінде қазақшылық емес, *қазақбайшылық* басыңқырап кеткен тұстар болды (Ақдәулетов, n.d.).

«Бұнда қазақбайшылық басымдау секілді» (Қазақ әдебиеті, 18 тамыз, 2015 жыл).

«Өкіметті сынайды, қазақты сынайды, қазақбайшылықты сынайды» (Шапай, 2015, б. 70).

«Қазақбайшылық» бұл – қазақты, қазаққа тән нәрсенің бәрін кемсіту, ұлтты өз болмысынан жеріту мақсатымен жасалған кеңес дәуірінің идеолемасы. Бұл қазаққа миығынан қарап, қазақы дүниенің бәрін менсінбей өзін үстем халық, озық мәдениет өкілі ретінде санайтындардың айтатын «казахбайский» деген кемсіпте сөзінің қазақша аударылған нұсқасы. «Казахбайский» идеолеманың «қазақбайшылық» деген қазақша баламасын өз қолымызбен жасап, тілдік қолданысқа енгізіп, қазірге дейін сақтап, оны қазаққа тән жаман қасиет, кем мінез ретінде танып отыруымыз – кеңес идеологиясының жүйелі жүргізілгенін ғана емес, оның егіп кеткен дәнінің әлеумет психологиясында тамыр жайып, әлі де өсіп-өніп жатқанының, өміршеңдігінің дәлелі. Бұдан отаршылдық езгісін көріп, оған көндіккен, комформизмге ұшыраған жұрттардың құлдық психологиядан, бағыныштылық мінезден оңайлықпен арыла алмайтынын бағамдауға болады. Әйтпесе, ұлтымыздың аты мен оған тән мінездерін кемсітетін «қазақбай» мен «қазақбайшылық» сөздерін осы уақытқа дейін қолданып, өз атымызды өзіміз қорлап жүруімізді қалай ақтауға болады? Бұл тірлігіміз советтік саясатты жалғастырып отырғанмен бірдей. «Қазақы бала бала емес» деп, қағынан жеріп, ұл-қызын орысша оқытып, орысша тәрбие беруге жаппай бет бұрған заман туғызған осындай сөздердің жас ұрпақтың ұлтын мақтан тұтып, қазақы қасиеттерді қадірлейтін азамат болып өсуіне қызмет етпесі анық. Өзі отырған бұтақты өзі кескен адамға сырттан жау іздеп қажеті бола қоймас.

Психолог ғалым Ж. Сейітнұр: «Этнопсихология ғылымы зерттегендей, ұлтқа деген мақтаныш сезімі адамның өз ұлтына деген тартылысын тудырады. Оған қатысты ниеттестікті күшейтеді. Керісінше, жағымсыз автостереотип (таптаурынның) ұлт қасиеттері үшін ұялып қашқақтауды, «кемістік комплексін» тудырады. Сол себепті де, автостереотиптің оң болғаны

психологиялық тұрғыда маңызды. Жалпы бүгінде қазақ болу мәртебесінің жоғары болмай отыр. Тіпті ұлт атауына жалғанатын жұрнақ, жалғаулар жағымыз мағына тудыратын сипат алуда. Мәселен, «қазақбайлық», «қазақылау», «қазақшылық», «қазақбайшылық» және т.б. Ал жеке бөліп қарастырсақ, қазақ + бай немесе қазақ + байлық деген жаман сөз бе? (Сейітнұр, 2010), – деп жазады.

Психолог маманның «қазақбайлық», «қазақылау», «қазақшылық», «қазақбайшылық» сөздері туралы айтып отырғаны орынды. Бұл сөздер ешқандай да жаман сөздер емес. Жоғарыда талдап көрсеткеніміздей бұлар «бай» сөзіне жағымсыз мағына жүктеудің салдарынан «жаман сөз» етіп көрсетіліп, солай түсіндіріліп жүрген қазақтың байырғы жақсы мағыналы сөздері. Байды жексұрын, қазаққа тән нәрсенің бәрін артта қалған, мәдениеті төмен тағы жұрттың қасиеттері етіп көрсету – қазақтың санасын өзгертіп, мәдени төңкеріс жасау үшін советтік билікке, коммунистерге өте қажет болды. Оған қол жеткізу үшін советтік режим қуғын-сүргін де жасады, әкімшілік күшті де қолданды, идеологиясын да іске қосып, үздіксіз үгіт-насихат та жүргізді. Көнбегендерді түрмеге қамап, атып-асып жойғаннан кейін тірі қалғандарға иландыру, көндіру, бағындыру, саяси манипуляциялау тәсілдерінің бәрін қолдана отырып, айтқандарына әбден сендірді. Сенгеніміз, сенімге кіргеніміз соншалық әлі күнге дейін қазаққа тән нәрселердің бәрін «қазақбайшылық» деп жиреніп, «қазақбай» болудан қашып келеміз. Совет билігі жасаған мәдени төңкерістің қай деңгейде жүзеге асқанын, санамыздың қаншалықты уланып, өзгергенін осыған қарап бағамдай беріңіз.

Ғалым одан ары қарай ойын жалғастыра келіп, былай деп жазады: «Әлемнің кез-келген мемлекетінде негізгі (титулды) ұлт өкілі болу – үлкен мақтаныш. Тіпті титулдық ұлтқа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жандар сол ұлтқа қандай да бір болмасын жақындығын айтып, мемлекеттің іргетасы болып отырған этностың оң ықыласына бөленуге тырысады» (Сейітнұр, 2010).

Бұл да рас. Ең алдымен «Бірінді қазақ, бірін дос, Көрсеменің істің бәрі бос» деп, Абай айтқандай, қазақ бір-бірін, өзін шын жақсы көрмесе, ұлтының бар болмысын, өзіне тән ұлттық қасиеттерін құрметтемесе, тілінен, мәдениетінен,

жинақтап айтқанда өзінен-өзі жиреніп жүрсе, оны өзгелердің құрметтеп, төңірегіне топтасуы мүмкін емес. Бір-бірін жек көретін, өзін өзгелерден кем санау психологиясы бойын билеп алған жұрт қанша жерден титулды болса да өзгелердің құрметіне ие бола алмайды. Біз мұны анық білуге міндеттіміз.

Америкалық әлеуметтанушы Ш. Гилман: «Ескі доктриналарға немесе жаңа-үндеу-насихаттарға елігіп, оларға еріп кету әлі де болса, адамның ақыл-ойын дәрменсіздіктің билеп тұрғанын көрсетеді» (Майерс & Туенж, 2018, б. 210), – депті. Совет идеологиясы санаға сіңіріп кеткен ой кеселдерінен әлі құтыла алмай жүрсек те, қазіргі жаһандану заманының үгіт-насихатына арбалып жатсақ та, бұлардың ешқайсысы жақсы емес. Мұның артында ғалым атап көрсеткен ақыл-ой дәрменсіздігі тұр. Ал дәрменсіздік алға ұмтылуға, елдің, ұлттың ертеңі үшін батыл бәсекеге түсуге, күресуге бастамайды.

Статистикалық деректерге сүйенсек қазір қазақ баласына Әлихан, Айсұлтан, Ерасыл, Нұрислам, Санжар, Нұрасыл, Мирас, Рамазан, Диас, Әрсен деген есімдерді көп қоятын болды. 2009 – 2019 жылдар аралығында 33 446 ұл балаға – Әлихан, 27 092 ұлға – Нұрислам есімі берілсе, 2020 жылдың 1 қаңтары мен 2021 жылдың 30 сәуірі аралығында ұл балаларға ең көп қойылған екі есім Әлихан (6 081) мен Айсұлтан (4 486) болыпты. Иә, бұлар да мағыналы, жағымды естілетін жақсы есімдер. Мұндай есімдерді беруге ешкім қарсы болмайды. Бірақ ғасырлар бойы ардақты азаматтардың, көрнекті тұлғалардың, миллиондаған қазақтың аты мен фамилиясында сақталып келе жатқан «бай» тұлғалы қазақтың ер адам есімін жасаудың ұлттық үлгісі жағымсыз мәнде жұмсауға да, ат қоюдағы үлесі кеміп, жоғалуға да тиіс емес. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары бойынша «бай» компоненті бар есімдер көрсеткіші төмендегідей:

Санақ мәліметтері көрсетіп отырғанындай «бай» сыңарлы қазақ есімдері совет үкіметі байлармен аяусыз күрес жүргізген 30-жылдары қатты кеміп (1651), қазақтың тарихи санасы қайта ояна бастаған 1960 жылдары ең жоғарғы деңгейге жетсе (36 311), ал 2010-жылдардан бастап күрт азайып кеткен. 2021 жыл ең төменгі шегін (444) көрсетіп тұр. Кемудің пайыздық үлесі төмендегідей:

1-кесте

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы ұлттық халық санағы деректері бойынша «бай» компонентті ер адам есімдерінің 1930–1980 жылдар аралығындағы көрсеткіші

Есімі \ жылы	1930	1940	1950	1960	1970	1980
Жалпы	23344	91405	314923	606445	739527	976149
«бай» компонентті есімдер	1651	7426	27500	36311	21066	11889
СЕРІКБАЙ	64	414	1605	1929	1087	618
ЖҰМАБАЙ	41	173	1059	1203	404	170
НАУРЫЗБАЙ	12	46	164	212	204	174
БАЗАРБАЙ	51	212	815	908	439	156
САНСЫЗБАЙ	22	163	633	886	459	221
СӨРСЕНБАЙ	14	105	662	863	434	249
ЖАҢАБАЙ	23	74	373	780	529	350
ОРАЗБАЙ	18	95	392	777	335	112
КЕНЖЕБАЙ	24	103	320	557	497	239
АМАНБАЙ	14	175	355	469	338	191
АЙТБАЙ	18	114	346	536	285	111
БОРАНБАЙ	17	98	431	499	298	105
БАЛТАБАЙ	61	177	510	373	198	93
АЛПЫСБАЙ	27	163	438	379	169	95
ОРАЛБАЙ	10	53	213	330	247	168
БАЙЖАН	3	14	155	192	125	109
КУАНЫШБАЙ	11	85	190	309	284	197
ЕЛУБАЙ	28	114	303	361	162	79
БЕРІКБАЙ	9	28	167	342	298	236
ҚАЛДЫБАЙ	12	73	311	409	241	92
БАҚТЫБАЙ	9	40	231	389	276	134
ОРЫНБАЙ	22	76	267	313	214	102
ДҮЙСЕНБАЙ	21	51	337	397	197	71
НҮРЛЫБАЙ	8	27	132	294	263	225

Ескерту. Кесте автор тарапынан құрастырылды

2-кесте

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы ұлттық халық санағы деректері бойынша «бай» компонентті ер адам есімдерінің 1990–2021 жылдар аралығындағы көрсеткіші

Есімі \ жылы	1990	2000	2010	2020	2021	Барлығы
Жалпы	972838	1097789	1543542	168241	117051	6652389
«бай» компонентті есімдер	9336	5177	4690	598	444	126 150
СЕРІКБАЙ	235	42	4	0	0	5998
ЖҰМАБАЙ	63	16	4	0	0	3134
НАУРЫЗБАЙ	1265	532	273	13	18	2914

Ш. Құрманбайұлы

Кестенің жалғасы

Есімі \ жылы	1990	2000	2010	2020	2021	Барлығы
БАЗАРБАЙ	86	38	16	2	0	2727
САНСЫЗБАЙ	112	44	13	0	1	2554
СӘРСЕНБАЙ	78	23	2	0	0	2430
ЖАҒАБАЙ	111	21	7	1	0	2270
ОРАЗБАЙ	203	134	32	2	2	2103
КЕНЖЕБАЙ	82	31	16	2	0	1872
АМАНБАЙ	102	41	16	2	2	1705
АЙТБАЙ	98	62	23	1	1	1595
БОРАНБАЙ	104	15	11	0	0	1578
БАЛТАБАЙ	62	41	14	1	0	1530
АЛПЫСБАЙ	44	20	5	1	0	1341
ОРАЛБАЙ	125	85	16	1	0	1248
БАЙЖАН	143	151	235	32	29	1188
КУАНЫШБАЙ	86	16	2	0	0	1180
ЕЛУБАЙ	82	28	11	0	0	1168
БЕРІКБАЙ	74	13	0	0	0	1167
ҚАЛДЫБАЙ	17	8	3	0	0	1166
БАҚТЫБАЙ	47	10	4	0	0	1140
ОРЫНБАЙ	84	38	17	1	0	1136
ДҮЙСЕНБАЙ	32	5	0	0	0	1114
НҮРЛЫБАЙ	79	25	5	0	0	1059

Ескерту. Кесте автор тарапынан құрастырылды

3-кесте

«Бай» сыңарлы есімдердің үлес динамикасы

Кезең	Ер адамдар саны	«бай» сыңарлы есімдер	Үлес, %
1930-1939	23 344	1 651	7.072
1940-1949	91 405	7 426	8.126
1950-1959	314 923	27 500	8.732
1960-1969	606 445	36 311	5.988
1970-1979	739 527	21 066	2.848
1980-1989	976 149	11 889	1.218
1990-1999	972 838	9 336	0.960
2000-2009	1 097 789	5 177	0.471
2010-2019	1 543 542	4 690	0.304

Ескерту. Кесте автор тарапынан құрастырылды

Ең жоғары көрсеткіш 1950-жылдары 8.732% болса, ең төменгісі – 2010-жылдары 0.304%-ке дейін түскен. Сонда 28.75 есе төмендеген ($8.732 / 0.304 = 28.75$). Тағы бір назар аударарлық мәселе «-бай» сыңары соңында тұратын дәстүрлі үлгі ұзақ уақыт өнімділік танытып келсе, кейінгі жылдары кісі есімінің басында тұратын үлгінің үлесі алғаш рет артқан. 1950-жылдары «бай»-дың 96.9%-ы соңында, тек 3.1%-ы басында тұрса, ал 2010-жылдардан бастап есім басындағы *Бай*- үлесі 64.3%-ға дейін жеткен.

Осы статистикалық деректер мен басқа мәліметтер «бай» сыңарлы антропонимдердің қазіргі уақытта негізінен қазақтың ересек адамдарының аттары мен фамилияларында көбірек сақталып, жаңа есімдер қатарынан өте аз ұшырасатынын көрсетіп отыр. Қазір солай болып тұрғанымен советтік кезеңде туған қазақ баласына қойылмай кеткен Темірлан, Бейбарыс, Абылай, Тәуке, Әбілмансұр, Қасымхан, Әбілхайыр, Хақназар, Тәуекел, Ерасыл, Хангелді, Бөгенбай, Райымбек сияқты көптеген тарихи тұлғалардың аттары Тәуелсіздікпен бірге қайта оралғаны сияқты, ұлттың тарихи санасы, ұлттық санасы күшейген кезде қазақтың «бай» тұлғалы есімдерінің де үлесі артып, жаңа буын, жас ұрпаққа көбірек берілуі мүмкін. Ал қазақтың бойындағы кемшіліктерінің бәрін «бай»-мен байланыстырып, «қазақбайшылық»-тан сақтанып тұрған уақытта Серікбай, Берікбай, Нұрлыбайлардың бәсі төмен, үлесі аз болып тұр. Үлесі азайғанмен әзірге көнерген есімдер тобына кіре қойған жоқ. Мұны рухани және материалдық мәдениетті құрап тұрған қазақы, ұлттық сипаты бар нәрсенің бәрінің құнын кемітіп, қадірін қашыру саясатының жемісі деп те, жетілген, жаңарған, талғамы өскен ұрпақтың таңдауы деп те түсіндіруге болады.

«Қазақбай» мен «қазақбайшылық» сөздерінің туындауына себеп болған әдеби-мәдени, саяси-әлеуметтік, психологиялық, тілдік факторларға біршама тоқталдық. Атап өткеніміздей бұл сөздерді ХХ ғасыр, совет дәуірі туғызды. Совет үкіметі орнаған күннен бастап бізді сауатсыз, қараңғы, мәдениеті дамымаған, жазуы болмаған, өркениет көшінен тыс қалған тағы, білім-ғылымы артта қалған түземдік (туземцы) жұрт екеніміз сағат сайын, сәт сайын есімізге түсіріліп, баспасөз бен үгіт-насихат арқылы бұқараның, мектеп, оқулықтар арқылы жас ұрпақтың санасына сіңіріліп отырды. Ұлттың шынайы тарихын бұрмалау арқылы ұрпақтар сабақтастығын, тарихи санасын әлсірету, барын жоққа шығарып, төл мәдениетін мансұқтау арқылы

өзге мәдениетке бойсұндыру советтік тәрбиенің, идеологияның мақсаты болды.

Ұлттың өзін-өзі масқаралайтын, өзгелерден кем санайтын, жұрттың қоры қазақ деп көрсететін «қазақбай», «қазақбайшылық» сөздері ақын-жыраулар тілінде, Абай мен Шәкәрімде кездеспейді. ХІХ ғасырдың аяғына дейін «ененді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік», «бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтақан, «сарт-сұрт деген осы», «түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе – шаршап, жаяу жүрсе – демін алады, ноғай дегенше, ноқай десеңші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, бакалшік ноғай», «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» (Абай, 2-қара сөз) деп, сартты, ноғай мен орысты менсінбей, оларға күліп жүрген қазақ қалайша тез өзгеріп, өзін солардың бәрінен кем санайтын, өз ұлтының аты мен салт-дәстүрлерінен жиреніп, оған тәннің бәрін «қазақбай», «қазақбайшылық» деп төмендететін халге қалай жетті? Мұның бәрі советтік тәрбиенің «жемісі».

Ең қадірлі ұлттық асты – «бешбармақ», қазақтың ең басты музыкалық аспабы домбыраны – «бір таяқ, екі ішек» (*«одна палка – два струна»*) түріндегі жетілмеген, қарабайыр инструмент етіп көрсету сияқты, өз кәсібін шала меңгерген, білімсіз, мәдениеті төмендеу адамы – «Қазақбай», ал қазақы болмысты сүйкімсіз етіп, бүкіл қазақтың бойынан тапқан міннің бәрін жинақтап – «қазақбайшылық» деп атау да ұлтты кемсітіп, жұрттың қоры етіп көрсету мақсатынан туған. Ұлт өз мәдениетін өзгелерден төмен санаса, тілін жетілмеген, кедей деп білсе, өзіне сенімсіз ондай халықты өзге мәдениеттің жетегіне беру қиын болмайды. Сол үшін мәдени төңкеріс жасауды көздеген совет билігі қазақты өз мәдениетінен жеріту үшін осылай халықтың ұлттық құндылықтарының, қастерлі эномәдени ұғымдары мен бұйымдарының қадірін қашыру әрекеттерін әдейі жасап отырған. Рухани, мәдени жаңғыру кезеңін бастан өткеріп жатқан ұлт ретінде қазір біздің алдымызда отарлаушылар тарапынан мақсатты түрде мансұқталған, бұрмаланған, ақты – қара, жақсыны – жаман етіп көрсету үшін өңі айналдырылып берілген дүниелерді қайта қалпына келтіру міндеті тұр. Қазақтың мәдениеті мен тіліне жасалған қиянаттардың салдарынан құтылып, уақыт өте келе қалыпты нәрсе сияқты қабылданатын қателіктерді түзеп, санаға сіңірілген жалған түсініктерден арылмасақ, олар өзекке түскен құрт іспетті іштен кеміріп жей береді.

Кісі есімдерін жүйелі түрде зерттеген көрнекті ғалым Т. Жанұзақ антропонимдердің сөз таптарынан жасалуын 13 түрге жіктегенде бәрінің екінші сыңарында өз мағынасында қолданылған зат есім «бай» сөзі кездеседі (Жанұзақ, 2021, б. 238). Антропоним жасаушы аффикстерді көрсеткенде солардың қатарында «-бай» толық мағыналы сөз емес, есім тудырушы қосымша ретінде көрсетіледі (Жанұзақ, 2021, б. 265). Осылай болуының өзі қазақтың «бай» сыңарлы есімдерінің ат қоюдың өте өнімді тәсілі, есімжасамның ұлттық үлгісі екенінің айқын айғағы.

Түйіндей айтқанда, «бай» сыңарлы есімдер қазақтың көнеден келе жатқан ат қою дәстүрін, оны иеленушінің қазақ ұлтының өкілі екенін көрсететін есімжасамның өнімді ұлттық үлгісі. Бұл үлгімен жасалған көптеген есімдер қазақтың *Бурабай, Жидебай, Жасыбай, Сарыбай, Жетібай, Шашубай, Толыбай, Сәтбай, Бақтыбай, Балтабай* сияқты жер-су, өзен-көл, қала, елді мекен, *Ботбай, Елібай, Жаңабай, Аманбай, Жаманбай, Байжігіт, Байназар* және басқа да көптеген ру-тайпа атауына, олардың *Қабанбай, Байсуан, Бөрібай, Ошыбай, Баймұрат, Жиембай* ұранына айналып кеткен. Сол себепті қазақ тарихымен біте қайнасып жатқан бұл үлгімен жасалған атаулар әлі де жалғасын тауып, байырғы жақсы мағына, қадірлі қалпында қала беруге тиіс.

Қорытынды

Әдебиеттегі «Мырқымбай», «Итбай» образдарының қатарына «Қазақбай»-ды қосып, «мырқымбайлық»-ты «қазақбайшылық»-қа ұластырып, жат қылық, нашар мінездің бәрін қазаққа жинап бергеннен ұлт ештеңе ұтпайды. Түптеп келгенде, бұл тұтас бір халықтың өзіне өте төмен баға беруі, өзін-өзі кемсітуі және солай екенін мойындай отырып, оны тілінде қалыптандыруы (кодификация) болып шығады. Бұдан бүкіл

ұлттың, келешегі кемел болуға тиіс жас ұрпақтың да алар өнегесі шамалы.

«Бай» сөзін қосу арқылы жасалған кісі есімдері бірнеше ғасырдан бері қазақпен қатар жасап келе жатқан ер адамға ат қоюдың ұлттық үлгісі. Оны ескірген, жаңа заман сай келмейтін есімдер қорына шығарып тастауға да сан ата-бабамыздың, көптеген тарихи тұлғаларымыздың аты сақталған тілдік, антропонимдік бай мұрамызды кемсіту, адамның мінін көрсететін сөздер туғызатын үлгіге айналдыруға да негіз еш жоқ. Қайта оны ұлттық есімдер үлгісі, ат қоюдың қазақы дәстүрі ретінде сақтап, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отыру міндет.

«Бай» сөзінің көне заманынан бері сөздік қорымызда, барлық түрік тілдерінде сақталып келе жатқан «бай» сөзінің байырғы жақсы мағынасынан айырып немесе көмескілендіріп, оны адамның жаман қасиеттерін, жағымсыз мінездерін, ерсі қылықтарын, оғаш қимылдарын сипаттайтын бейнелеуіш, сын есім, етістіктер мен зат есімдерге жалғап сөз өрбітуге еш мұқтаждық жоқ. Қазақ тілінде жағымсыз мағына беретін сөз де, ондай реңк үстейтін жалғау-жұрнақ та жеткілікті.

Мүдделер қақтығысы

Автор мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Мақала авторының үлесі

Ш. Құрманбайұлы зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеуге, тақырыптың ғылыми бағытын айқындауға, дереккөздерді жинақтау мен жүйелеуге, тілдік материалдарды тарихи-мәдени және семантикалық тұрғыдан талдауға, статистикалық деректерді интерпретациялауға, мақала мәтінін жазуға және қорытынды тұжырымдарды қалыптастыруға толық жауапты болды.

Әдебиеттер

- Қазақ сөздігі. (2013). Құраст.: Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов және т.б. Алматы: Дәуір.
- Ercilasun, A., & Akkoynlu, Z. (2015). *Kâşgarlı Mahmud. Dîvânü Lugâti't-Türk*. Ankara: Türk Dil Kurumu.
- Құрманбайұлы, Ш., Келімбетов, Қ., & Әділов, М. (2025). *Түркі қаржы-сауда лексикасы (тарихи-салыстырмалы зерттеу)*. Алматы: Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығы.
- Nişanyan Sözlük. (n.d.). *bay*. [143](https://www.nisanyansozluk.com/kelime/bay-Şahin, İ. (2011). The Turkic word “bay” in onomastical names: An etymological approach. Central Asiatic Journal, 55(1), 72–90.</p>
<p>Севортян, Э. В. (1978). <i>Этимологический словарь тюркских языков</i> (Т. 2). Москва: Наука.</p>
<p>Мұқанов, С. (1948). <i>Ботагөз</i>. Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы.</p>
<p>Көбейұлы, С. (1934). <i>Қалың мал</i>. Алматы: Қазақстан көркем әдебиет баспасы.</p>
</div>
<div data-bbox=)

- Майлин, Б. (1986). *Бес томдық шығармалар жинағы*. Алматы: Жазушы.
- Кәкішев, Т. (n.d.). *Тұрсынбек Кәкішев: «Қазақ әдебиетінде Мырқымбай сияқты кейіпкер туған жоқ»*. *Kitap.kz*. <https://kitap.kz/article/tursinbek-kakishev>
- Шапай, Т. (2015). Мырқымбай. In *Күлкі және көз жасы. Қазіргі мінездер һәм әзелгі әңгімелер*. Алматы: Ақжүніс.
- Рамазан, Д. (2018, 21 ақпан). *Көш (әпсана)*. *ULT.KZ*. <https://ult.kz/kz/post/duman-ramazan-kosh-apsana1>
- Майерс, Д., & Туенж, Ж. (2018). *Әлеуметтік психология* (12-басылым). Алматы: Ұлттық аударма бюросы.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. (2011). *Он бес томдық* (8-т.). Құраст.: Қ. Күдерінова, О. Жұбаева, М. Жолшаева және т.б. Алматы: Тіл білімі институты.
- Ақдәулетов, М. (n.d.). *Қазір ақын болу «модаға» айналды...* *Qalamger.kz*. <https://qalamger.kz/literature/s-hbat/mejirhan-a-d-uletov-azir-a-yn-bolu-moda-a-ajnalady/20>
- Сейітнұр, Ж. (2010). *Ұлттық бағытқа қашан бет бұрамыз?* *Kazgazeta.kz*. <https://kazgazeta.kz/>
- Жанұзақ, Т. (2021). *Қазақ ономастикасы* (Бес томдық, 2-т.). Нұр-Сұлтан: Халықаралық Түркі академиясы.

References

- Aqdäuletov, M. (n.d.). *Qazir aqyn bolu “modağa” aynaldy...* [Being a poet has now become “fashionable” ...]. *Qalamger.kz*. <https://qalamger.kz/literature/s-hbat/mejirhan-a-d-uletov-azir-a-yn-bolu-moda-a-ajnalady/20> (In Kazakh)
- Ercilasun, A., & Akkoyunlu, Z. (2015). *Kâşgarlı Mahmud. Divānu Lugâti ‘t-Türk*. Ankara: Türk Dil Kurumu. (In Turkish)
- Janūzaq, T. (2021). *Qazaq onomastikasy* [Kazakh onomastics] (Vol. 2). Nur-Sultan: Khalyqaralyq Türki akademiiasy. (In Kazakh)
- Käkishev, T. (n.d.). *Türsynbek Käkishev: “Qazaq ädebietinde Myrqymbai siyqy keipker tuğan joq”* [Tursynbek Kakishev: “No character like Myrqymbai has appeared in Kazakh literature”]. *Kitap.kz*. <https://kitap.kz/article/tursinbek-kakishev> (In Kazakh)
- Köbeily, S. (1934). *Qalyñ mal* [Bride price]. Almaty: Qazaqstan körkem ädebiet baspasy. (In Kazakh)
- Qazaq ädebi tiliniñ sözdigi. (2011). *On bes tomdyq* [Dictionary of the Kazakh literary language in 15 volumes] (Vol. 8). Almaty: Til bilimi instituty. (In Kazakh)
- Qazaq sözdigi. (2013). N. Uäli, Sh. Qurmanbaiuly, M. Malbaqov, et al. (Eds.). Almaty: Däuir. (In Kazakh)
- Qurmanbaiuly, Sh., Kelimbetov, Q., & Ädilov, M. (2025). *Türki qarjy-sauda leksikasy (tarihi-salystymaly zertteu)* [Turkic financial and trade lexicon: A historical-comparative study]. Almaty: Nemat Kelimbetov atyndaғы Türkitanu ortalygy. (In Kazakh)
- Mailin, B. (1986). *Bes tomdyq shyğarmalar jınaғы* [Collected works in five volumes]. Almaty: Jazyshy. (In Kazakh)
- Maiers, D., & Tuenj, J. (2018). *Äleumettik psikhologiia* [Social psychology] (12th ed.). Almaty: Ülttyq audarma bürosy. (In Kazakh)
- Mūqanov, S. (1948). *Botagöz*. Almaty: Qazaqtyñ birikken memleket baspasy. (In Kazakh)
- Nışanyan Sözlük. (n.d.). *bay*. <https://www.nisanyansozluk.com/kelime/bay-> (In Turkish)
- Ramazan, D. (2018, February 21). *Kösh (äpsana)* [Migration (legend)]. *ULT.KZ*. <https://ult.kz/kz/post/duman-ramazan-kosh-apsana1> (In Kazakh)
- Seitnūr, J. (2010). *Ülttyq baғыtqa qashan bet bұramyz?* [When will we turn toward a national direction?]. *Kazgazeta.kz*. <https://kazgazeta.kz/> (In Kazakh)
- Sevortian, E. V. (1978). *Etimologicheskii slovar’ tiurkskikh iazykov* [Etymological dictionary of Turkic languages] (Vol. 2). Moscow: Nauka. (In Russian)
- Şahin, İ. (2011). The Turkic word “bay” in onomastical names: An etymological approach. *Central Asiatic Journal*, 55(1), 72–90.
- Shapai, T. (2015). *Myrqymbai*. In *Külki және көз жасы. Қазіргі мінездер һәм әзелгі әңгімелер* [Laughter and tears. Contemporary characters and eternal stories]. Almaty: Aqjūnis. (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет:

Шерубай Құрманбайұлы – ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор, Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығының жетекшісі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: sheru_64@mail.ru).

Information about the author:

Kurmanbaiuly Sherubay – Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philological Sciences, Professor, Head of the Nemat Kelimbetov Center for Turkology, Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: sheru_64@mail.ru).

Сведения об авторе:

Шерубай Құрманбайұлы – академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, руководитель Центра тюркологии имени Немата Келимбетова, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: sheru_64@mail.ru).

Келіп түсті: 10 қаңтар 2026 жыл
Қабылданды: 10 маусым 2026 жыл